 - Жалпы адамзаттың мәдениетті меңгеруде оқушы мен қоғамның арасындағы рухпни жалғастырушы;
 - Сынып ұжымының алуан түрлі бірлескен іс-шаралары барысында олардың өзара ынтымақтастық қарым-қатынасының қалыптасуын ұйымдастырушы;
 - Оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы; тәрбие жүйесін қажетті өзгерістер енгізуі; мектеп психологымен бірігіп оқушының қоғамдық өміріне кейбір түзетулер жасаушы оқушының күнделікті өмірі мен әрекетін ұйымдастыруда, кәсіби бағдар беруде, қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси ерекшеліктерін түсінуде көмекші, кеңесші.
- Сыныпта қолайлы, жайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру үшін, сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпалдар жасаушы;
- Оқушының дамуы мен жетілуіне ықпал жасайтын барлық тәрбиесін күштердің (мектеп, отбасы, қоғам) басын қосушы, үйлестіруші.
- Сынып жетекшісінің негізі мақсаты қоғамның талаптарымен тікелей байланыста, ал әр оқушыны дамыту, оның ерекшеліктерін сақтау, оның потенциалды қабілеттерін ашу, интеллектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай жасау.
- Сынып жетекшісінің міндеттерін айқындағанда, мына идеяларды негізге алдық;
- Ең "қиын" деген оқушының өзі де жақсы болып, түзеліп кетеді, бірақ оған айналасындағы адамдардың сенімі, сыйластығы, сүйіспеншілігі, көнегі қажет:
- Тәрбиелейтін - тәрбие сағаты, ақыл айту, оқушының қателіктерін бетке басу емес, тәрбиелейтін бірігіп атқаратын әрекет, ынтымақтастық қатынастар, бір-біріне деген жышы сезімдер.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- Сынып сағатының сапасы ішкі және сыртқы тиімділігі критерилері бойынша бағаланады. Оқушылардың ЭССЕ, пікір түрінде жазған жұмыстары сынып сағатының сыртқы тиімділігін бағалау құралы болып табылады. Ішкі тиімділігін директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бағалайды.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- Сынып жетекшісінің портфолиясы
- Сынып жетекшісі туралы ереже
- Сынып жетекшісінің жұмысы
- Сынып сағаты туралы ереже
- Сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысын жоспарлау
- Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру
- Сыныптағы ата-аналар жиналысының хаттамалары

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша «Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі Ж.Сапарова сөз алды.

Мақсаты:ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, ары таза, сымбатты да сұлу, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.

Осы мақсатқа орай оқу жылының басында жоспар құрылып, бекітілді. Жоспарда «Жеке бас гигиенасы», «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», Ерте жүктіліктің алдын алу, «Қыз бала – болашақ ана», «Қызға қырық үйден тыю», секілді шаралар, жиналыстар қарастырылған. Шараны өткізумен класс жетекшілер, мектеп медбикесі, психологтар айналысады. Қазір біз өмір сүріп жатқан қоғамға тоқталсақ, тәуелсіз еліміз осы заманның даму үрдісі жылдамдығымен зымырап келеді. Ұлттық сана сезімге сіңіп, тегімізден келе жатқан адами қасиеттерді жойып алмауымыз керек. Осы орайда сүйікті жар, ардақты ана, қыз баланың орны ерекше. Әйел қандай биік дәрежелі жұмыс істемесін, қайда болмасын оның ең басты міндеті — өмірге ұрпақ әкелу, бала тәрбиелеу.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

-Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 1 қыркүйек –Білім күнінен арналған жиын өткізілді. Кәсіподақ ұйымы «Педагогикалық еңбек ардагерлері» фотоакция инстаграм желісіне жариялап және 1 қазан - Халықаралық ұрпақтар сабақтастығы күніне орай ардагер-ұстаздарға мерекелік құттықтаулар жіберді. 1-4 сыныптар «Менің атам, әжем» бейнеролик түсіріп, оқушылардың ата - әжесін құттықтады(инстаграм желісіне жариялады).

Өрт қауіпсіздігінің алдын алу, балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында " Өрт қауіпсіздігі" сынып сағаттары өткізілді.Жұмыстар әлі де жалғасуда.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті арқылы оқушылардың қоғамдық өмірге қажетті білім,іскерлік дағдысы қалыптасады.Шаралар неғұрлым көп ұйымдастырылса ұжымның беріктігі соншалықты мықты болады.Әрбір іс-шара бір-біріне,қоршаған ортаға ,достарына қамқор болуға үйретеді.Шығармашылық іс-әрекетте оқушылар алдарына қойған мақсаттарды орындауда бірігіп ізденеді,жоспарлайды, ұйымдастырады. Шығармашылық іс тек көз алдау үшін жасалынбайды,ұйымдастырылады.Әрбір шығармашылық іс өзінің сипатына қарай бір-бірінен ажыратылады. Мектепте би үйірмесінде 45 оқушы қатысты.Жетекшісі : Оразғалиева Ақтоты Абатқызы. Сабақ уақыттары: сенбі,жексенбі күндері .Сонымен қатар, II жартыжылдықтан бастап «Шебер қолдар» үйірмесі де жұмыс жасайтын болады.

Күн тәртібіндегі 7-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

-«Сынып жетекші - 2021»байқауының өткізілу мерзімі мен уақыты: 02.12-27.12.2021ж.

Мақсаты: сынып жетекшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, жалпы білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісін жетілдіру, кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты тұлғаны анықтау, сынып жетекшілердің шығармашылық тәжірибесін айқындау арқылы тәрбие жүйесінде озат педагогикалық тәжірибесін анықтау, инновациялық және шығармашылық идеяларын көрсету.

Төмендегі құрамда комиссия құрылды:

Төрағасы: А.Назиков

Мүшелері: К.Карибаева – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Н.Бокаева – мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары;

Р.Салекина – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

М.Кожаметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

С.Калназарова – мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары;

А.Оразымбетова – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Қатысатындар: МАД – 1, 1кл-1,2кл – 1,,3кл-1,4кл- 2, 5-9кл-бір – әр паралельден бір мұғалімнен.

Сынып жетекшінің педагогикалық тәжірибесі осы тұрғыда анықталады:

1.Портфолио (таныстырылым түрінде)

2.Бейнероликтер байқауы «Экология, Тұғырлы Тәуелсіздік!»

3.Понарамалық сынып сағаты (7 минут)

4.Жағдаят сұрақтар

5.Өз өнерін көрсету.

Қаулы етеді:

1. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлінің маңыздылығы арттырылсын.

2. Тәрбие сағатын талдау үлгісі мен ұйымдастыру жолдары түсіндірілсін.

3. Сынып жетекшісінің портфолиясының жүргізілуі зерделенсін.

4. Сыныптарда қыз балалар және олардың аналарымен бірлескен жұмыс жалғастырылсын.
5. 1 - 4 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысы бақылансын.
6. Сыныпта шығармашылық жұмыстар, сайыстар ұйымдастырылсын.
7. Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелерін насихаттау бағытында "Сынып жетекші -2021" сайысы өткізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:




Р.М.Салекина

Г.Б.Өтеуова

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «31» тамыздағы № 444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрықтарымен ата – аналарды таныстыру (хабарламашы: Мектеп директоры А.С.Назиков);

3. Ата – аналарға зиянды заттардың алдын алу (қорқор, темекі, ішімдік);

4. Ағымдағы мәселелер.

Зиянды заттардың алдын алу тақырыбында мектеп медбикесі - Н.Дүйсенбаева, Сидашева Гульнар Тариховна, Айтқұлова Алмагүль Агадиловна, Жантурина Лилияна - №1 КДП медбикелерінің қатысуымен ата- аналар жиналысы өтті.

(Оқушыларға бейнеролик арқылы зиянды заттардың алдын алуын және салауатты өмір салтын сақтауды насихаттау.)

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- 1 – 11 сынып бырыңғай : «Аяулы күз, Алтын күз!», «Күз байлығы», «Жетті желмен алтын күз» сыныптар сағаты өтті.«Сәлем саған, алтын күз!» өлеңдер байқауы өтті.Авторы:Айтқали Нәріков.Тақырыбы: «Күз». Оқыған: 9 «Б» класс Есеналина Назерке. Авторы: Қалқаман Сарин. Тақырыбы: Күздің соңғы қолтанбасы Оқыған: 10 «А» класс Серік Данияр

5 – 10 қыз балалары арасында «Күз кереметтері» күзгі креативті фотосессия байқауы ұйымдастырылды. Н.Иманалина, Г.Нұртасова музыка пәнінің мұғалімдерінің «Күрең күз» ән байқауы өтті.

Жумагулова Айдана 1- орын,Нұрланова Іңкәр 2-орын,Алданова Айым 2-орын,Баймаханбет Балауса 3-орын

9-10 сынып оқушылары арасында «Алтын күз» байқауы өтті.

«Арайлы күз» атты күзгі балл өткізілген болатын негізгі аталмыш мерекелік іс-шара концерттік бағдарламаларды қамтыған сайыс түрінде өткізілді. Сайысқа 6 жұп қатысты. Сайыс бағдарламасы 5 бөлімнен құралды.Осы сайыстарды сынып жетекшілермен біріге отырып өткіздік.

Қаулы етеді:

1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесінің жағдайы зерделенсін.
3. Ата-аналар жиналысын дайындау мен өткізу технологиясы түрлендірілсін.
4. Сынып жетекшілерін қалада, мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаттармен, ережелермен, БМ нұсқауларымен, тапсырма және бұйрықтарымен таныстырылсын.

Жиналыс төрайымы.  Р.М.Салекина
Хатшы:  Г.Б.Өтеуова

Күні:19.01.2022 жыл

Қатысуға тиіс-53

Қатысты-50

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Сынып жетекшілердің жарты жылдық қорытынды есебін талдау.
- 2.«Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру» атты сынып жетекшілер онкүндігі:
- Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс – тәжірибесімен бөлісуі;
3. Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары.
4. Тұлғаға бағытталған сынып сағаттарын дайындау мен өткізу технологиясы.
5. Сынып белсенділерімен жұмыс.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Сынып жетекшілердің жарты жылдық бойына атқарылған тәрбие жұмысының есебін ұсынып отырмын.Оқушылардың жарты жылдық бойына атқарылған шығармашылық және қоғамдық жұмысының нәтижесі және жетістіктері туралы қорытынды жасау үшін керек. Тәрбие жұмысының қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі , сапалық құрамы туралы білуге болады. Сынып жетекші жұмысына көмек ретінде ұсынып отырмын

/слайдпен таныстыру/

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

-«Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру» атты сынып жетекшілер онкүндігін емес, «ТӘРБИЕ ӘЛЕМІ» тақырыбындағы сынып сағаттарының айлығының бағдарламасы жасалынып, сынып жетекшілер өз жұмыстарын көрсетеді.

15.04.22 10⁴⁰

Өтеуова Гүлсана Бейбітқызы,«Дәрумендер-денсаулық кепілі»/1 «б» Өтетін орны: №4

15.04.22 11³⁰

Казбагамбетова Лаура Ураевна,«Өз жұлдызының жарқырауына жәрдем ет (кәсіптік бағдар)»/9 «а» Өтетін орны: №33

15.04.22 11³⁰

Абдрейм Фарид Рахманқызы, «Дос болам десең,досыңды сыйла,қымбаттым!»/7 «г» Өтетін орны: №21

15.04.22 11³⁰

Махаева Гүлбану Бәйбекқызы,«Қонақ келсе,құт келер»/5 «в» Өтетін орны: №27

16.02.22 10⁴⁰-11³⁰

Алибаева Сандыгуль Чимбаевна,«Бағдаршам және біз»/1 «а» Өтетін орны: №19

16.02.22 12¹⁵

Шаштыгарина Гүлназира Араловна,«Қазақ ақыны М.Мақатаевқа -90 жыл»/ 4 «ә» Өтетін орны: №3

17.03.22 11³⁰

Абдуллина Шынар Касымовна, «Наурыз-жыл басы»/11 «ә» Өтетін орны: №27

18.02.22 11²⁵

Кульжанова Римма Зинулловна/1 «д»,«Әдептілік әліппесі» Өтетін орны: №8

20.04.22 10⁴⁰

Қойшықұлова Диляра Талғатқызы,«Қазақтың салт дәстүрлері»/4 «а» Өтетін орны: №14

20.04.22 14³⁰

Дошняязова Ақмарал Алданғаровна,«Тәртіп-тәрбие бастауы,тәртіпсіздік-өмірінің қас жауы»/8 «а» Өтетін орны: №27

21.04.22 09⁴⁵

Байзақова Анар Исақызы,«Мамандығым-мақтанышым»/9 «в» Өтетін орны: №27

21.02.22 10⁴⁰

Жолдасова Айдана Мейрамбекқызы,«Әдептілік әліппесі»/ 1 «г» Өтетін орны: №10

21.04.22 14³⁰

Денгилбаева Айнура Усеновна,«Адал достар»/7 «ә» Өтетін орны: №18

22.02.22 14³⁰

Аргинова Гүлдаурен Нұрхисақызы,«Отбасы-сыйластық,жарастық орнаған орта»/ 2 «а» Өтетін орны: №19

22.02.22 15³⁰

Жоламан Ақалтын Ақынғалиқызы,«Дұрыс тамақтану денсаулықтың басты кепілі»/ 2 «д» Өтетін орны: №19

23.02.22

Әбдіғалиева Рыс Ыңғайлықызы,«Ертегілер еліне саяхат»/ 1 «в» Өтетін орны: №3

23.02.22 09⁴⁵

Курмансеитова Алмагуль Сериковна,«Достық қымбат өмірде»/ 4 «е» Өтетін орны: №19

23.02.22 11³⁰

Мусирова Шынар Руслановна,«Мамандықтар әлемі:Біз таңдайтын жолдар»/9 «ә» Өтетін орны: №33

23.02.22 14³⁵

Әубакирова Гүлнұр Ганиқызы, «Адамгершілік -асыл қасиет» /6 «в» Өтетін орны: №27

23.02.22 16³⁰
Жалимова Гульназ Амангельдиевна, «Мейірімді болса жүрек-орындар тілек»/ 6 «г» Өтетін орны: №21

23.02.22 17²⁰
Сағытжанова Алтын Нұрланқызы, «Жақсы мінез-жан сұлулығы»/ 8 «б» Өтетін орны: №33

24.02.22 08⁵⁰
Каирова Гүлмира Бердигалиевна, «Табиғатты ұстайық, тарылтпайық мөлдір, кәусәр тысын»/4 «д» Өтетін орны: №19

24.02.22 12⁰⁰
Избасарова Бағдат Канатқызы, «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз»/ 11 «а» Өтетін орны: №33

24.02.22 15³⁰
Болатбекова Жаннат Гизатовна, «Өрт- тілсіз жау»/ 2 «ә» Өтетін орны: №19

24.02.22 16⁰⁰
Сатыбалдина Нұрханым Айсакызы, «Денім сау болсын десең...»кеш/Зсыныптар Өтетін орны: Мәжіліс залы

25.02.22 09⁴⁵
Әмірханқызы Бұлбұл, «Көшбасшы болуға ұмтыламын»/ 5 «ә» Өтетін орны: №31

25.02.22 11³⁵
Тайман Жанар Тұғайбаевна, «Сүйікті қалам, Ақтөбем!»/ 5 «а» Өтетін орны: №34

25.02.22 11³⁰
Балданова Марал Бекболатқызы, «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға...» кеш/10 «а» Өтетін орны: Мәжіліс залы

25.02.22 14³⁵
Айтыманова Айгүл Ырғызбекқызы, «Жан қазынасы, адамгершілік негізі»/ 6 «б» Өтетін орны: №20

25.02.22 16²⁵
Абдибаева Шолпан Нысанкуловна, «Ордамызға -30 жыл!»/ 6 «ә» Өтетін орны: №27

25.02.22 17²⁰
Избасарова Айсұлу Канатовна, «Әдептілік ата –баба елінде»/ 2 «в» Өтетін орны: №3

27.04.22 10⁴⁰
Умбетова Раушангуль Ратовна, «Кітап -рухани қазына»/4 «б» Өтетін орны: №19

27.04.22 11³⁰
Сағынова Әсел Нұрадинқызы, «Достық қымбат өмірден»/4 «г» Өтетін орны: №19

27.04.22 16²⁵
Абдуллина Айтолқын Төлегенқызы, «Адалдық, парасаттылық-адамдықтың белгісі»/8 «ә» Өтетін орны: №37

27.04.22 17¹⁵
Жексенов Сакен Жузумбекович, «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз»/8 «в» Өтетін орны: №37

28.04.22 18⁰⁵
Наурызбаева Асемгул Нурбековна, «Отбасы-адам тұлғасының бесігі»/7 «д» Өтетін орны: №25

28.02.22 10⁴⁰
Ержигитова Назерке Айбековна, «Отбасы- бақыт мекені»/ 4 «в» Өтетін орны: №19

28.02.22 11³⁵
Еркинова Гулназ Касымовна, «Ибалы ұл, инабатты қыз-өмір көркі»/ 9 «б» Өтетін орны: №27

28.02.22 14³⁵
Нұрсұлтанова Тоты Сәдірбайқызы, «Мамандықтар әлемі»/2 «г» Өтетін орны: №16

28.02.22 15³⁰
Битенова Ақнұр Талғатқызы, «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»/2 «б» Өтетін орны: №19

29.04.22 12¹⁵
Сайлаубай Айдос, «Денсаулық- зор байлық»/5 «г» Өтетін орны: №20

15.04.22 18⁰⁵
Ануарбеков Ақжол, «Қазақстан көп ұлтты мемлекет»/6 «а» Өтетін орны: №31

22.04.22
Нугманова Зарина Муратбековна, «Зиянды заттардың алдын алу»/7 «б» Өтетін орны: №27

29.04.22 14³⁵
Байтурина Айнаш Куттыбаевна, «Отбасым-бақыт мекенім»/7 «в» Өтетін орны: №27

29.04.22 16²⁵
Әбдіжамиева Ақбота Алшынқызы, «Дос болам десең, досыңды сыйла, қымбаттым!»/7 «г»

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Өз тәжірибесінде мұғалім балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шараларын ұйымдастырудың жолдарын тиімді пайдалана білуге дағдыланады, топта бірлесе жұмыс істей отырып, өзгенің ойын құрметтей білуге үйренеді. Мұғалімдердің діни тәрбие беруде сыни көзқарастары қалыптасады. Сынып жетекшілер тиісті ақпаратты жинақтайды және сұрыптайды. 10,11 сынып оқушыларына қоғаммен байланыс және дін мәселелері орталығының теолог маманы Жұмабаев Мейрамбек Бақытұлы "Діни экстремизм және оның алдын алу" тақырыбында дәріс өткізді. Білім алушыларға діни сананы қалыптастыруға бағытталған ақпараттар берілді.

/слайдпен көрсету/

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Сыныптан тыс жұмыстың негізгі түрі – сынып сағаты. Сынып сағаты – бұл тәрбие жұмысының бір түрі, онда білім алушылар мұғалімнің жетекшілігімен қоршаған әлемге деген қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған іс-шараларға қатысады. Сынып сағатының екі негізгі түрі қарастырылған: тақырыптық және сыныптағы ағымдағы мәселелер бойынша қарым-қатынас сағаты. Сынып сағаттарының тақырыбы әртүрлі және ол алдын-ала анықталады және сынып жетекшілерінің жоспарларында көрініс табады.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

-2021 жылдың 27 қарашасында "Атадан мұра" қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Республикалық "Ұлтын сүйген ұланбыз" өнер байқауынан "№36 қазақ орта мектебі" КММ-нің 7б сынып оқушысы Жадитова Аружан бас жүлде, 2г сынып оқушысы Әміржан Әл Фараби бас жүлде, 3д сынып оқушысы Баймаханбет Балауса 2орын, 7д сынып оқушысы Қуаныш Олжас 2орын, 3ә сынып оқушысы Әбілжан Ислам 2орын, 2б сынып оқушысы Ранов Рустам 1 жүлделі орындарды иеленді. Бас жүлдені иеленген екі оқушы Алматы қаласына "Суперфиналға" жолдама алды. Оқушыларды дайындаған мектеп тәлімгері Гаухар Жайлауовна құрмет грамотасы және "Үздік ұстаз" төсбелгісімен марапатталды.

Қаулы етеді:

1. Сынып жетекшілердің жартыжылдық қорытынды есебі "қанағаттанарлық" деп бағалансын.
2. «ТӘРБИЕ ӘЛЕМІ» тақырыбындағы сынып сағаттары айлығының бағдарлама бойынша өткізілуі қадағалансын.
3. Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары жалғастырылсын.
4. Тұлғаға бағытталған сынып сағаттарын дайындалып, өткізілсін.
5. Сынып белсенділерімен жұмыс бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Р.М.Салекина

Г.Б.Өтеуова

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы
Хаттама №7

Күні:21.02.2022 жыл
Қатысуға тиіс-53
Қатысты-47

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мектепішілік шаралардың, сынып сағаттарының, клуб, үйірме және секция жұмыстарының сапасы.
2. Қиын балалармен жұмыс.
3. «8-наурыз», «Наурыз» мерекелерін мерекелеу бойынша әдістемелік ұсынбалар.
4. Азаматтық-патриоттық тәрбие айлығын өткізу жоспары. Айлықты өткізу бойынша әдістемелік ұсынбалар.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- Қараша айының 27 күні Түркістан қаласында өткен республикалық әр түрлі жанрда өткен "Creative Fest" республикалық жастар қозғалысы атты байқауда жүлделі орындарға ие болды.

1. "ЖАС ДАРЫН" ДИПЛОМ "CREATIV FEST" Республикалық жастар қозғалысы -1 лауреат (жас ерекшелігі 10-12жас) -Дайдидау биімен
- 2."ЖАС ДАРЫН" ДИПЛОМ "CREATIV FEST" Республикалық жастар қозғалысы 1 лауреат (жас ерекшелігі 6-9 жас) Кастинг биімен
- 3."ЖАС ДАРЫН" ДИПЛОМ "CREATIV FEST" Республикалық жастар қозғалысы 2 лауреат (жас ерекшелігі 6-9 жас) Отан биімен

4.Түркістан қаласы ,27.11 "Би ырғағында бол - 2022" -ДИПЛОМ

Спорт секциялары бойынша жетістіктер:

2021-2022ж Волейболдан Қалалық мектеп лигасы «Шұбар доп» 7-8 класс I-орын.(ер балалар)

2021-2022ж Волейболдан Қалалық мектеп лигасы «Шұбар доп» 7-8 класс I-орын.(қыз балалар)

16.12.2021ж. Ақтөбе Волейбол Федерациясы Қазақстан Республикасы 30-жылдық турнирде III-орын.(ер балалар)

2021ж. Ақтөбе Облыс Кубогында 2008-09ж (қыз балалар) I-орын.

2021ж. Ақтөбе Облыс Кубогында 2008-09ж (ер балалар) I-орын.

2022ж. Ақтөбе Облыс Чемпионатында 2008-09ж (қыз балалар) II-орын.

2022ж. Ақтөбе Облыс Чемпионатында 2008-09ж (қыз балалар) II-орын.

2022ж. Ақтөбе Облыс Чемпионатында 2008-09ж (қыз балалар) I-орын.

2021ж. Ақтөбе Облыс Кубогында 2006-07ж (қыз балалар) III-орын.

2022ж. Ақтөбе Облыс Чемпионатында 2006-07ж (қыз балалар) III-орын

2021-2022ж. Волейболдан Облыстық мектеп лигасы «Шұбар доп» 7-8 класс I-орын.(ер балалар)

2021-2022ж. Волейболдан Облыстық мектеп лигасы «Шұбар доп» 7-8 класс I-орын.(қыз балалар)

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп психологы Ж.Алиева сөз алды.

- Жоспарға сәйкес әр оқу тоқсанында оқушылардың суицидтік мінез – құлықтарын, психологиялық көңіл – күйлерін анықтап, бақылау мақсатында сауалнамалар жүргізілді.

I оқу тоқсанында ЮНИСЕФ, II оқу тоқсанында 8-10 сынып оқушыларының келеңсіз оқиғаларды алдын – алуға арналған жоспармен жұмыстар жүргізілді.

Мектепішілік есепке – 2 оқушы, тәуекел тобы бойынша 3 оқушы, сәтсіз жанұя 2 тіркелді. Тәуекел және мектепішілік есепте тұрған оқушыларға жеке папкалар жасақталды. Оған оқушы туралы жалпы мәлімет, оқушылардың педагогикалық– психологиялық даму карталары, бақылау картасы, тәрбиелік деңгейінің диагностикасы толтырылды. Сенім жәшігі қайта жасалып, «Сенім телефоны және сенім жәшігі» туралы оқушыларға ақпараттар берілді.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

1.Жоспарланған жұмыстар:

2.«Ана-өмір шуағы» оқушылардың анасына хат жазуы.

3.«Әлемді шаттық пен сұлулыққа толтырған...» (сынып сағаттары)

4.«Сарқылмайтын жылылық – Ана атты ұлылық» мектепішілік сурет байқауы

5.«Мерген ару-2022» қыз балалар арасында әскери-патриоттық сайысы

6.8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік шара

7.22 Наурыз – «Наурызым – нұрлы ырысым» мектеп фойелерінде ауыл – ауылдарға

бөлініп көріністер және концерттік бағдарламалар қойылады. Наурыз мерекесіне арналған спорттық іс – шаралар өтеді. Жауапты адамдар бекітілді.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ж.Кожаметов сөз алды.

- "Жас сарбаз -2021" әскери - қолданбалы спорт сайысы өтті. Сайыс 7 кезеңнен тұрды. Саптық жаттығулар. Калашников автоматын бөлшектеу және жинақтау. Биік кермеге тартылу. Гір тасын көтеру Шалқадан жатып денені көтеру. Арқан тартыс. Альбом дайындау. 1 орынды-11ә класы, 2 орынды-11а класы, 3 орынды-10а,10ә кластары иеленді.

Әкелер кеңесінің мүшелерімен бірлесіп 11.02.2022ж. «Ауған Кеңес әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылғана 33 жыл толуына» арналған «Ауған шоқ, өшкен арман, тек сенен есте қалған...» атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті.

Мақсаты: Ауған ардагерлерін ұлықтап оларды 33 жылдық мерейтойларымен құттықтау. Жастарға патриоттық тәрбие беру. Ауған соғысында ерлік көрсеткен қазақ жауынгерлерінің ерлігін паш ету арқылы өскелең ұрпақты келешекте жаужүрек батыр болуға, ел болуға үндеп, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Батырлықты, төзімділік пен шыдамдылықты, жауапкершілік пен адамгершілікті насихаттау.

Шақырылған қонақ: ҚББ әдіскері А.С.Айтмағанбетов; Шараға Ауған ардагерлері-Марданов Жалғас Дүсіпбекұлы, Сәттібаева Қанат Битенұлы және әкелер кеңесі мүшесі- Серікбаев Бекжан Есбосынович

Әкелер кеңесінің мүшелері мектеп оқушыларымен кездесті. Құқықбұзушылық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, кеңестерін берді. Оқушылармен тоғызқұмалақ, шахмат, шашка ойындарын ойнады.

Мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың бірлесуімен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қадағалау мақсатында "Түнгі қала рейді" іс-шарасы ұйымдастырылды.

Қаулы етеді:

1. Мектепшілік шаралардың, сынып сағаттарының, клуб, үйірме және секция жұмыстарының сапасы зерделенсін.
2. Қиын балалармен жұмыс жалғастырылсын.
3. «8-наурыз», «Наурыз» мерекелерін мерекелеу бойынша әдістемелік ұсынбалар жүзеге асырылсын.
4. Азаматтық-патриоттық тәрбие айлығының жұмысы қорытындылансын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Р.М.Салекина

Г.Б.Өтеуова

Күні:31.03.2022 жыл

Қатысуға тиіс-53

Қатысты-48

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Сынып жетекшілердің ата-анамен байланыс жүйесін бақылау /ата-аналармен жұмыс дәптерлері/
2. «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жұмысы.
3. Сынып жетекшісі және оқушылар ұжымын тәрбиелеу.
4. 5 – 8 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау.
5. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар.
6. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері.
7. Тәрбие шараларын педагогикалық талдау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

-01.-25.02.22 күндер аралығында «Біз біргеміз» волонтерлер сайысы өтті. Сайысаясында мектептің жағдайы төмен отбасыларына азық - түліктер және шаруашылық заттар т.б берілді.Сайыс нәтижесінде мектеп оқушыларына және ат салысқан ата- аналарға, бір қатар мұғалімдерге ЗТБ жастар ұйымы төрағасы Ж Табылғановтан алғыс хаттар берілді. ІІ орын «№36 қазақ орта мектебі»КММ облыс әкімнен грамотамен марапатталды.

24.09.2021 жылы ата – аналар жиналысы өтті.

1. Ата – аналар комитетімен танысу;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «31» тамыздағы № 444 бұйрығы,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрықтарымен ата – аналарды таныстыру (хабарламашы:Мектеп директоры А.С.Назиков);
- 3.Ата – аналарға зиянды заттардың алдын алу (қорқор, темекі, ішімдік);
4. Ағымдағы мәселелер.

Зиянды заттардың алдын алу тақырыбында мектеп медбикесі - Н.Дүйсенбаева, Сидашева Гульнар Тариховна, Айтқулова Алмагуль Агадиловна, Жантурина Лилияна - №1 ҚДП медбикелерінің қатысуымен ата- аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша тәлімгер Гаухар Жайлауовна Кулмагамбетова сөз алды.

- Мақсаты: Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдай алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу, тың идеяларға бастап, мүмкіндіктерді байқату.

Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына кіретін мектебіміздегі балалар ұйымының «Жас Қырандар» мен «Жас Ұлан» тобы 3 бағытқа құрылған жұмыс түрлерімен жұмыс жасады. Олар: «БІнта», «Жігер», «Серпін».

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша 2020-2021 оқу жылына жылдық іс-шаралар жоспары жасақталып бекітілді.

Республикалық бірыңғай « Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелеріне қабылдау салтанатты жиыны өтті. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелеріне 2 және 5 сынып оқушылары қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Сынып жетекшісі балаларға жиналысты өткізудің демократиялық тәртібін үйретуі керек: сөйлейтін құрбыларын, достарын тыңдай білуге, өздерінің сөйлеуіне, ұжымдық шешімдер әзірлеу және оларды қабылдауға дауыс беру, көпшіліктің еркіне бағыну. Жиналысты дайындау және өткізу әдістемесі, сынып жетекшісінің білім алушылармен қарым-қатынасының сипаты тәжірибе жинақталуына қарай жылдан жылға өзгеріп отырады. Егер сынып жетекшісі бірнеше жыл бұрын олардың болашағын ойластырса, сынып жиналыстарын өткізу процесін педагогикалық басқару сәтті болады.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша 5-8 сынып жетекшілері сөз алды.

Сынып жетекшілер өз сыныбы туралы деректермен бөлісті.

-Бастапқы кезеңде барлық қатысушылардың белсенді қатысуы үшін дұрыс психологиялық атмосфераны құру маңызды. Бұл педагогтің кіріспе сөзі, болуы мүмкін. Сынып сағатын мүмкіндігінше нәтижелі ету үшін бірнеше шарттарды сақтау қажет: - әр білім алушы ашыла алатындай сенімді атмосфераны құру - іс-шара жоспарын нақты орындау. Әрқашан ауытқулар болады, бірақ туындаған сұрақтарды жазып, келесі жұмыста қалыпқа келтірген дұрыс - ережелерді қатаң сақтау. Бұл педагогтің жұмысын жеңілдетеді және сыныпты тәртіпке келтіреді. Сынып сағатының соңында қорытындылау: білім алушылар не білді, олардың көзқарастары мен пікірлерінде қандай да бір өзгерістер болды ма, өздері үшін қандай тұжырымдар жасады.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп инспекторы сөз алды.

Мектеп оқушыларының арасындағы кездесетін құқықбұзушылықтың түрлері, саны, себебі туралы айтты.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

-Адалдық дүкені - тәрбие мекені".Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында өткізіліп жүрген іс - шарамыздың бірі "Адалдық дүкені". Мақсаты: оқушылардың тәрбиесімен адалдығын, адамгершілік құндылықтарын арттыруға бағытталып отыр. Сынып жетекшілері оқушыларыға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, "Адал дүкенінің" ережелерімен таныстырды. Оқушылар барлық ережелерді сақтап, өзіне және өзгеге көмек беріп, қызмет жасап үйренді. Бойында адалдық, құрмет, адамгершілік қасиеттері дамып, оңтайлы нәтиже беріп жатырғанын байқалды.

Күн тәртібіндегі 7-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Сынып сағатының материалдары білім алушылардың назарын қойылған мақсаттарға сәйкес, үйрену керек нәрсеге үнемі аудару мақсатында болуы керек. Сынып сағатының мазмұны сынып жетекшісінің білім алушыларға не үйретуі керектігі шебер суреттеуі тиіс. Материалды ұсынудың тиімділігі сынып жетекшісінің өзінің практикалық дайындығына байланысты. Мұндай дайындық дауыс ырғы жаттығулары, қол мен дене қимылдарын, бет-әлпетін қамтиды. Материал 26 жанды болуы керек. Сынып жетекшісінің кібіртіктеп, бөгеліп қалуы білім алушылардың зерігуін тудырады. Білім алушылар сынып жетекшісінің белсенділігінен тақырыпқа және ұсынылған материалдарға қызығушылықтарын оятатындай болуы керек.

Қаулы етеді:

1.Сынып жетекшілердің ата-анамен байланыс жүйесі бақылауға алынсын.

2. «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жұмысы жалғастырылсын.

3. Сынып жетекшісі оқушылар ұжымын тәрбиелеуде белсенділік танытсын.

4. 5 – 8 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшісінің сыныппен жұмысы зерделенсін.

5. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

6. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері жүзеге асырылсын.

7. Тәрбие шараларын педагогикалық талдау бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Р.М.Салекина

Г.Б.Өтеуова

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы
Хаттама №9

Күні:18.04.2022 жыл
Қатысуға тиіс-53
Қатысты-51

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Сынып жетекшілерінің өз білімін көтеру бағытында әдістемелік басылымдарға жазылуын ұйымдастыру.
2. Сынып жетекшілерінің жыл бойғы жұмысына талдау жасау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- Мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға және жетілдіруге ықпал ететін сыныпта, мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды бағдарламалық-әдістемелік қолдауды ұйымдастыру;
- білім алушыларды тәрбиелеуде бірыңғай, принципті тәсілдердің орындалуын қамтамасыз ету, білім беруді жаңғырту және сынып жетекшілері мен тәрбиешілерілердің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база туралы хабардар ету;
- кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында педагогтердің мотивациялық саласын қалыптастыру;
- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, жүйелеу және тарату;
- сынып жетекшілерін заманауи тәрбие технологияларымен және жұмыстың заманауи формалары мен әдістерін білумен қаруландыру;
- сынып ұжымдарында тәрбие іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және педагогикалық талдауды үйлестіру;
- педагогикалық ұжым мүшелерінің тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

-Келесі 2022-2023 оқу жылындағы қойылатын міндеттер:

- жеке құзыреттіліктердің қажетті жүйесін қалыптастыру мақсатында жобалық іс-шараларды жүзеге асыру;
- патриоттық, азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- құқықтық сауаттылықты, адамгершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасау;
- өлкетану жұмысын жандандыру және жүйелеу, ұлттық киелі орындарды зерттеу;
- оқушылардың мінез-құлқын, оқу үлгерімін, психологиялық жағдайын бақылау;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру;
- мектеп оқушыларының деструктивті мінез-құлқының алдын алу және дер кезінде түзету;
- отбасының мәртебесін көтеруге бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;
- ата-ана мен бала, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
- студенттердің отбасыларына әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

/Слайдпен таныстыру/

Қаулы етеді:

1. Сынып жетекшілерінің өз білімін көтеру бағытында әдістемелік басылымдарға жазылуы жалғастырылсын.
2. Сынып жетекшілерінің жыл бойғы жұмысы "қанағаттанарлық" деп бағалансын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Р.М.Салекина
Г.Б.Өтеуова

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы
Хаттама №10

Күні:30.05.2022 жыл
Қатысуға тиіс-53
Қатысты-50

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.9 - 11 сыныптардың жағдайын бақылау, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын қорытындылау.
- 2.Оқушыларға ҰБТ – ге дайындаудағы психологиялық көмектің тиімділігі.
3. Соңғы қоңырау мен Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынбалар.
- 4.Тәрбие қызметінің қорытындысын талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар, перспективалар.
5. Мониторинг нәтижесі.
- 6.Жазғы демалысты ұйымдастыру, бала еңбегінің нашар түріне жол бермеу.
- 7.Жаңа оқу жылына арналған перспективті жұмыс жоспарын талқылау.
8. Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

-Өскелең ұрпақты қоғам игілігі үшін жасампаз еңбекке дайындау мемлекеттің барлық білім беру жүйесінің маңызды міндеті. Оны сәтті жүзеге асыру еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағдар берудің неғұрлым жетілдірілген жолдарын тұрақты іздестірумен байланысты. Озық педагогикалық тәжірибе, ғылыми зерттеулердің нәтижелері жастардың еңбекте өзін-өзі анықтау мәселелерін шешудің кешенді тәсілі ғана кәсіби бағдар беру қызметінің жетістігіне ықпал ететінін көрсетеді. Кәсіби бағдар - бұл ауқымы бойынша экономикалық, мазмұны бойынша әлеуметтік, әдістері бойынша педагогикалық күрделі және көп қырлы мәселе. 9-11 сыныптарда балалар кәсіптік өзін-өзі анықтауға баса назар аударады. Ол өзін-өзі шектеуді, жасөспірімдердің қиялынан бас тартуды көздейді. Жоғары сынып оқушысына әр түрлі мамандықтарға бағдар беруге тура келеді, бұл оңай нәрсе емес, себебі мамандыққа деген қарым-қатынас негізінде көбінесе өзінің жеке емес, басқаның тәжірибесі, яғни ата-аналарынан, достарынан, таныстарынан және т. б. алынған мәліметтер жатыр.

9-11 сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында «Дж.Голланд» әдістемесі, «Мен - қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнама, «Сенің кәсіби – ой ниетің», «Мамандық таңдауға дайынсың ба?» сауалнамалары алынып, қорытындысымен таныстырылды. Өздерінің мамандықтарына, таңдау пәніне сенімсіз оқушыларға жеке кеңестер берілді.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп психологы Ж.Алиева сөз алды.

- Кәсіптік бағдар беру мақсатында мамандықтардың түрлері, қызметтері туралы түсіндірілді, жадынамалар таратылды. ҰБТ-ға сәттілік «Болашақ өз қолыңда» атты қорқыныш, үрейді басуға арналған тренинг – жаттығулар өткізіліп, кеңестер берілді.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

-2022 жылдың мамыр айының 25-і күні "№36 қазақ орта мектебі" КММ-де «ТҮЛЕК 2022-Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты салтанатты жиыны өтті. Жиынға мектеп бітіруші түлектер мен ата -аналар қатысты. Бнылғы оқу жылын 48 түлек аяқтады. "Алтын белгіге"екі түлек үміткер Абдрахманова Алуа,Жақсылық Дильназ , Жалғасбаев Арсен. Сынып жетекшілері: Избасарова Бағдат Канатқызы, Абдуллина Шынар Касымовна. 2022 жылдың маусым айының 14- күні жалпы орта білім бітіргендігі туралы аттестат тапсыру рәсімі өтеді. Салтанатты жиыннан кейін мектеп ауласына хризантема, георгина, коврик тағы да басқа гүлдер отырғызылады.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.М.Салекина сөз алды.

- Сынып жетекшілердің оқу жылы бойына атқарылған тәрбие жұмысының есебін ұсынып отырмын. Оқушылардың жарты жылдық бойына атқарылған шығармашылық және қоғамдық жұмысының нәтижесі және жетістіктері туралы қорытынды жасау үшін керек. Тәрбие жұмысының қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі, сапалық құрамы туралы білуге болады. Сынып жетекші жұмысына көмек ретінде ұсынып отырмын.

/Слайдпен таныстыру/

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ж.Кожаметов сөз алды.

- Мектеп жанындағы "Жұлдыз" лагерінің негізгі құрамы — ол мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, толық емес, көп балалы отбасындағы балаларға баса көңіл бөлінеді. Тәрбиеленушілердің жұмысы лагерь ауысымында жас шамасына қарай 25 баладан жинақталған топтармен іске асырылады.

Лагерь ауысымының жұмыс ұзақтығы 10 күннен 2 ауысым деп жоспарланып отыр:

1 – ауысым: 01.06.2022 – 14.06.2022

2 – ауысым: 17.06.2022 – 30.06.2022

Әлеуметтік педагог А.Мутушева құжаттарын жинақтап, тапсырады.

Сонымен қатар "Ақжелкен" жазғы алаңы да жұмыс жасайды.

Күн тәртібіндегі 7-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Р.М.Салекина сөз алды.

- Жаңа оқу жылына арналған перспективті жұмыс жоспарын жасау кезінде құжаттарды негізге алуымыз керек:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Күн тәртібіндегі 8-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ж.Кожаметов сөз алды.

- Жазғы еңбек тоқсанында балалар мен жасөспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің ең жақсы дәстүрлері, өкінішке орай, жойылып, бүгінде оны жандандыру, еңбек пен демалыс лагерьлеріндегі еңбек дағдылары мен істей білуді баулу мәселесімен жалпы айтқанда ешкім айналыспайды. "Жасыл ел" алаңында жұмыс істеймін деген оқушылардың құжаттары дайындалады.

Қаулы етеді:

1.9 - 11 сыныптардың жағдайын бақылау, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын қорытындылансын.

2.Оқушыларға ҰБТ – ге дайындаудағы психологиялық көмек көрсетілсін.

3. Соңғы қоңырау мен Мектеп бітіру кештері өз деңгейінде ұйымдастырылсын.

4.Тәрбие қызметінің қорытындысы "қанағаттанарлық" деп бағалансын.

5. Мониторинг нәтижесі "қанағаттанарлық" деп бағалансын.

6.Жазғы демалысты ұйымдастыру, бала еңбегінің нашар түріне жол бермеу қадағалансын.

7.Жаңа оқу жылына арналған перспективті жұмыс жоспарын талқылансын.

8. Оқушылардың жазғы еңбек практикасы және сауықтыру демалысы ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Р.М.Салекина

Г.Б.Өтеуова

**«№36 қазақ орта мектебі» КММ-нің
2021-2022 оқу жылындағы сынып жетекшілермен жүргізілген жұмыс туралы
анықтама.**

2021 - 2022 оқу жылында 53 сынып жетекшілері бекітілді. Жас сынып жетекшілерге тәлімгерлері бекітіліп, жыл бойына жұмыс жасады.

Жоспарға сай 02.12.2021ж.-27.12.2021ж. аралығында «Сынып жетекші - 2021» байқауы өткізілді. Мақсаты: сынып жетекшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, жалпы білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісін жетілдіру, кәсіби деңгейі жоғары, шығармашыл және талантты тұлғаны анықтау, сынып жетекшілердің шығармашылық тәжірибесін айқындау арқылы тәрбие жүйесінде озат педагогикалық тәжірибесін анықтау, инновациялық және шығармашылық идеяларын көрсету.

Төмендегі құрамда комиссия құрылды:

Төрағасы: А.Назиков

Мүшелері: К.Карибаева – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Н.Бокаева – мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары;

Р.Салекина – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

М.Кожаметов - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

С.Калназарова – мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары;

А.Оразымбетова – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Қатысқандар: МАД – 1, 1кл-1,2кл – 1, 3кл-1,4кл- 2, 5-9кл – әр параллельден бір мұғалімнен.

Сынып жетекшінің педагогикалық тәжірибесі осы тұрғыда анықталды:

1. Портфолио (таныстырылым түрінде).
2. Бейнероликтер байқауы «Экология, Тұғырлы Тәуелсіздік!»
3. Панорамалық сынып сағаты (7 минут)
4. Жағдаяттық сұрақтар
5. Өз өнерін көрсету.

Сынып жетекшілеріне мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Р.Салекина және М.Кожаметов байқау ережесімен таныстырды.



Күні: 20.12.2021ж

I айналым: Портфолио (таныстырылым түрінде)

II айналым: Бейнероликтер байқауы «Экология, Тұғырлы Тәуелсіздік!»

(мектептің инстаграм желісіне жарияланды)



Күні: 21-24.12.2021ж

III айналым: Панорамалық сынып сағаты (7 минут)

IV айналым: Жағдаят сұрақтар

Ж.Ж.Тлеулина - «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол...»

Әмірханқызы Бұлбұл – «Мамандық - өмір таңдауы»

Байзақова Анар Исақызы – «Тәуелсіздік - ел тұғыры»

Жексенов Сәкен Жузумбекович – «Дені сау адам, табиғаттың ең қымбат жемісі»

Кулжанова Римма Зинулловна – «Денсаулықтың сыры»

Күні: 27.12.2021ж

V айналым: Өз өнерін көрсету



Байқау қорытындысы бойынша Глеулина Жадыра Женисовна, МАД тәрбиешісі-1 орын, Әмірханқызы Бұлбұл, 5-ші сынып жетекшісі - 2 орын, Байзақова Анар Исақызы, 9-шы сынып жетекшісі-2 орын, Кулжанова Римма Зинуллоевна, 1-ші сынып жетекшісі-3 орын, Жексенов Сәкен Жузумбекович, 8-ші сынып жетекшісі-3 орынды иеленді. Белсене қатысқан сынып жетекшілер жүлделі орындарға иемденіп, дипломдар мен сыйлықтарға ие болды.

«ТӘРБИЕ ӘЛЕМІ» тақырыбындағы сынып сағаттарының бағдарламасы жасалынып, сынып жетекшілер өз жұмыстарын көрсете білді.



Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді.

15.04.22 10⁴⁰

Өтеуова Гүлсана Бейбітқызы, «Дәрумендер-денсаулық кепілі»/1 «б» Өтетін орны: №4

15.04.22 11³⁰

Казбагамбетова Лаура Ураевна, «Өз жұлдызының жарқырауына жәрдем ет (кәсіптік бағдар)»/9 «а»

Өтетін орны: №33

15.04.22 11³⁰

Абдрейм Фарида Рахманқызы, «Дос болам десең, досыңды сыйла, қымбаттым!»/7 «г» Өтетін орны: №21

15.04.22 11³⁰

Махаева Гүлбану Бәйбекқызы, «Қонақ келсе, құт келер»/5 «в» Өтетін орны: №27

16.02.22 10⁴⁰-11³⁰

Алибаева Сандыгуль Чимбаевна, «Бағдаршам және біз»/1 «а» Өтетін орны: №19

16.02.22 12¹⁵

Шаштыгарина Гүлназира Араловна, «Қазақ ақыны М.Мақатаевқа -90 жыл»/ 4 «ә» Өтетін орны: №3

17.03.22 11³⁰

Абдуллина Шынар Касымовна, «Наурыз-жыл басы»/11 «ә» Өтетін орны: №27

18.02.22 11²⁵

Кульжанова Римма Зинуллоевна/1 «д», «Әдептілік әліппесі» Өтетін орны: №8

20.04.22 10⁴⁰

Қойшықұлова Диляра Талғатқызы, «Қазақтың салт дәстүрлері»/4 «а» Өтетін орны: №14

20.04.22 14³⁰

Дошаниязова Ақмарал Алдангаровна, «Тәртіп-тәрбие бастауы, тәртіпсіздік-өмірінің қас жауы»/8 «а»

Өтетін орны: №27

21.04.22 09⁴⁵

Байзақова Анар Исақызы, «Мамандығым-мақтанышым»/9 «в» Өтетін орны: №27

21.02.22 10⁴⁰

Жолдасова Айдана Мейрамбекқызы, «Әдептілік әліппесі»/ 1 «г» Өтетін орны: №10

21.04.22 14³⁰